**Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің көліктік бақылау саласындағы мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту туралы" 2009 жылғы 29 қазандағы № 1710 және "Темір жол жылжымалы құрамын тіркеу қағидаларын бекіту туралы" 2011 жылғы 17 қарашадағы № 1351 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 4 желтоқсандағы № 1307 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 1 қыркүйектегі № 728 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 01.09.2015 № 728 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

РҚАО-ның ескертпесі!

Осы қаулы 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 12.03.2014 № 229 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

2) «Темір жол жылжымалы құрамын тіркеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 17 қарашадағы № 1351 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2012 ж., № 3, 55-құжат):

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Жылжымалы құрамды және оның кепілін мемлекеттік тіркеу қағидаларын бекіту туралы»

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қоса беріліп отырған Жылжымалы құрамды және оның кепілін мемлекеттік тіркеу қағидалары бекітілсін.»;

көрсетілген қаулымен бекітілген Темір жол жылжымалы құрамын мемлекеттік тіркеу қағидалары осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 12.03.2014 № 229 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Осы қаулы 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі С. Ахметов*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 4 желтоқсандағы № 1307 қаулысына қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 17 қарашадағы № 1351 қаулысымен бекітілген

## Жылжымалы құрамды және оның кепілін мемлекеттік тіркеу қағидалары

## 1. Жалпы ережелер

1. Жылжымалы құрамды және оның кепілін мемлекеттік тіркеу қағидалары ( бұдан әрі – Қағидалар) «Темір жол көлігі туралы» 2001 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына сәйкес әзірленген және жылжымалы құрамды және оның кепілін тіркеу, қайта тіркеу тәртібін айқындайды.

2. Қазақстан Республикасында жолаушыларды, багажды, жүктерді, жүк багажды және пошта жөнелтілімдерін темір жол көлігімен тасымалдауға арналған жылжымалы құрамды мемлекеттік тіркеуді бірыңғай мемлекеттік деректқор қалыптастыру және қозғалыс қауіпсіздігі талаптарын сақтау мақсатында Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Көліктік бақылау комитетінің аумақтық органдары (бұдан әрі – тіркеуші орган) жүргізеді.

3. Мемлекеттік тіркеуге меншік нысанына, қолданылу саласы мен орнына қарамастан, жалпы пайдаланымдағы жолдарға шығуға құқығы бар, сондай-ақ ішкі технологиялық мақсаттар үшін пайдаланылатын жылжымалы құрамының бірліктері жатады. Оның қатарына Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларының, шетелдік заңды тұлғалардың, шетел азаматтарының, азаматтығы жоқ адамдардың және халықаралық ұйымдардың меншікті немесе жалға алған, сондай-ақ сенімгерлік басқарудағы немесе мүліктік жалға алынған жылжымалы құрам бірліктері кіреді.

4. Мемлекеттік тіркеуден не қайта тіркеуден өткен жылжымалы құрамды тіркеуші орган осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес Жылжымалы құрамның мемлекеттік тізіліміне (бұдан әрі – тізілім) енгізуге тиіс.

## 2. Жылжымалы құрамды тіркеу, қайта тіркеу және оның кепілін тіркеу тәртібі

5. Жылжымалы құрамды мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу жылжымалы құрамды иеленушілердің барлығы үшін бірдей негізде және шарттарда жүзеге асырылады.

6. Осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен тіркелетін жылжымалы құрамды мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу:

1) егер өтініш беруші заңды тұлға болып табылса, заңды тұлға тіркелген орны бойынша;

2) егер өтініш беруші жеке тұлға, оның ішінде дара кәсіпкер болған жағдайда, салық төлеуші ретінде тіркелген орны бойынша жүзеге асырылады.

7. Жылжымалы құрам мынадай жағдайларда:

1) Қазақстан Республикасының резидент еместері Қазақстан Республикасының аумағына жөндеу үшін уақытша әкелген;

2) Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитпен жүріп өткен;

3) Қазақстан Республикасының резидент еместері Қазақстан Республикасының аумағына жүктерді түсіру және тиеу үшін уақытша әкелген, сондай-ақ әкеткен жағдайларда, мемлекеттік тіркеуге жатпайды.

8. Меншік құқығы алынған сәттен бастап 30 жұмыс күні ішінде жылжымалы құрам тіркеуші органда мемлекеттік тіркелуге тиіс.

Жалға беру, сенімгерлікпен басқару құқығы алынған, жылжымалы құрам туралы мәліметтер өзгерген, сондай-ақ заңды тұлғаның атауы және жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты өзгерген сәттен бастап 30 жұмыс күні ішінде жылжымалы құрам тіркеуші органда қайта мемлекеттік тіркеуге тиіс.

9. Жылжымалы құрам:

1) шетелдік тұлғаға сенімгерлікпен басқаруға не мүліктік жалға Қазақстан Республикасының шегінен тыс одан әрі пайдалануға;

2) сенімгерлікпен басқаруға не мүліктік жалға (жалға беру) күнтізбелік 90 күннен аспайтын мерзімге берілген жағдайларда, қайта мемлекеттік тіркеу жүргізілмейді.

10. Жеке және заңды тұлғаларға жылжымалы құрамның бірнеше үлгілерін мемлекеттік тіркеуге және қайта тіркеуге өтініш беруге рұқсат етіледі.

11. Тіркеуші органға жылжымалы құрамның мынадай түрлерін мемлекеттік тіркеуге өтініш беріледі:

1) жүк жылжымалы құрамы;

2) жылжымалы жолаушы және оған теңестірілген пошта, пошта-багаж және багаж жылжымалы құрамы;

3) тартқыш және мотор-вагондық жылжымалы құрам;

4) арнайы жылжымалы құрам.

12. Жүк жылжымалы құрамын мемлекеттік тіркеу кезінде мынадай санаттары көрсетіледі:

1) жабық вагондар;

2) платформалар;

3) жартылай вагондар;

4) цистерналар;

5) рефрижераторлық және изотермиялық вагондар;

6) астық тасығыш;

7) цемент тасығыш;

8) фитингтік платформалар;

9) битум тасығыш платформалар;

10) басқалар (жүк тасымалдауға арналған арнайы вагондар, оның ішінде бункерлік түрі, транспортерлер, контейнер тасығыш және арнайы жүк вагондар түрі).

13. Жылжымалы жолаушы және оған теңестірілген пошта, пошта-багаж және багаж жылжымалы құрамын мемлекеттік тіркеу кезінде мынадай санаттары көрсетіледі:

1) купе вагондары;

2) плацкарт вагондары;

3) «СВ» – ұйықтауға арналған вагондар;

4) «РИЦ» – РИЦ габаритті купе вагондары;

5) вагон-мейрамханалар;

6) облысаралық вагондар;

7) «ЗАК» – қамауға алынған адамдарды тасымалдауға арналған вагондар;

8) қызметтік вагондар;

9) қызметтік техникалық вагондар;

10) пошта вагондары;

11) багаж вагондары.

14. Тартқыш және мотор-вагондық жылжымалы құрамды мемлекеттік тіркеу кезінде мынадай санаттары көрсетіледі:

1) магистральдық жолдар бойынша кез келген санаттағы пойыздарды жүргізу үшін пайдаланылатын тартқыш жылжымалы құрам (МГЖҚ);

2) кең жолтабанды магистральдық, станциялық және кірме жолдарда маневрлік жұмысты жүргізу үшін пайдаланылатын тартқыш жылжымалы құрам (

МНЖҚ-К);

3) тар жолтабанды магистральдық, станциялық және кірме жолдарда маневрлік жұмысты жүргізу үшін пайдаланылатын тартқыш жылжымалы құрам (МНЖҚ-Т);

4) тар және кең жолтабанды магистральдық және станциялық жолдар бойынша жолаушылар тасымалын ұйымдастыру үшін пайдаланылатын мотор–вагонды жылжымалы құрам (МВЖҚ);

5) өнеркәсіптік темір жол көлігі жолдарында пайдаланылатын және магистральдық және станциялық жолға шықпайтын тартқыш жылжымалы құрам (ТЖҚ-ӨТКЖ).

15. Арнайы жылжымалы құрамды мемлекеттік тіркеу кезінде мынадай санаттары көрсетіледі:

1) өздігінен жүретін арнайы жылжымалы құрам;

2) өздігінен жүрмейтін арнайы жылжымалы құрам.

16. Жылжымалы құрамды мемлекеттік тіркеу және қайта тіркеу үшін заңды және жеке тұлғалар тіркеуші органға мынадай құжаттарды ұсынады:

1) заңды тұлғаның бірінші басшысының қолымен және мөрімен расталған осы Қағидаларға 2, 3, 4, 5-қосымшаларға сәйкес мемлекеттік тіркеуге не қайта тіркеуге жататын жылжымалы құрам, оның ішінде сенімгерлікпен басқаруға, мүліктік жалға не лизингке берілген мүкәммал паркінің тізбесі;

2) осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес белгіленген үлгідегі өтініш;

3) заңды тұлға үшін – заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік* немесе анықтама;

ескертпе: «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейінгі берілген заңды тұлғаның (филиалдың, өкілдіктің) мемлекеттік (есептік) тіркелуі туралы куәлік заңды тұлғаның қызметінің тоқталуына дейін жарамды болып табылады;

4) жеке тұлға үшін – жеке басын куәландыратын құжат;

5) көрсетілетін мемлекеттік қызметті алушының өкілі жүгінген кезде – уәкілетті өкілдің жеке басын куәландыратын құжат және өкілдікке өкілеттікті растайтын құжат;

6) дара кәсіпкер үшін – дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлік;

7) меншік құқығын растайтын құжат не мүлікті жалға алу (жалдау), лизинг не сенімгерлікпен басқару шарты;

8) жасаушы зауыттың жылжымалы құрамның әр бірлігіне арналған техникалық паспорты (формуляры).

9) тартқыш, сондай-ақ мотор-вагонды жылжымалы құрамын мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) кезінде – тіркеу алымының бюджетке төленгенін растайтын құжат.

Осы тармақтың 3)–8) тармақшаларында көрсетілген құжаттардың түпнұсқалары көшірмелерімен салыстырып тексерілгеннен кейін өтініш иесіне өтініш берілген сәтте қайтарылады. Құжаттардың түпнұсқалары ұсынылмаған жағдайда нотариалды куәландырылған көшірмелер ұсынылады.

17. Тіркеуші орган жылжымалы құрамның кепілін мемлекеттік тіркеу үшін жылжымалы құрамының кепілін тіркеу тізілімін осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес жүргізеді және кепіл ұстаушылардың мүдделерін қорғау жөніндегі шараларды қабылдайды, кепіл ұстаушының келісімінсіз кепілдікке алынған жылжымалы құрамын иеліктен айыруға жол бермейді.

18. Жылжымалы құрамы кепілін мемлекеттік тіркеу үшін өтініш беруші не оның сенімхаты бойынша уәкілетті өкілі «Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы» 1998 жылғы 30 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 9-бабына сәйкес құжаттарды ұсынады.

19. Тіркеуші орган құжаттарды қабылдау кезінде осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес өтініш берушіге тиісті құжаттарды қабылдағаны туралы қолхат береді.

20. Тіркеуші орган жылжымалы құрамды мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу туралы өтінішті осы Қағидаларға 16-тармақта көрсетілген барлық қажетті құжаттармен бірге өтініш берілген күннен бастап сегіз жұмыс күні ішінде қарайды.

21. Тіркеуші орган кепілді мемлекеттік тіркеу не одан бас тарту туралы шешімді Заңның 10, 11, 16 және 17-баптарына сәйкес қабылдайды.

Белгіленген мерзімде бас тарту туралы дәлелді жауап ұсынылмаған жағдайда, уәкілетті орган куәлікті бір жұмыс күні ішінде береді.

22. Жылжымалы құрамның кепілін мемлекеттік тіркеу, тіркелген кепілдің өзгерістерін, толықтыруларын және тоқтатылуын мемлекеттік тіркеу үшін алым «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінде белгіленген тәртіппен алынады.

Тартқыш, сондай-ақ мотор-вагонды жылжымалы құрамын мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) үшін алым «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінде белгіленген тәртіппен алынады.

23. Жылжымалы құрамды тіркеген адам оны мемлекеттік тіркелген күнінен бастап пайдаланады.

24. Жылжымалы құрамы кепілін мемлекеттік тіркеу туралы куәлік

электрондық құжат болып табылады, осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес оның есептік нөмірі болады.

Жылжымалы құрамын мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік электрондық құжат болып табылады, осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес оның есептік нөмірі болады. Жылжымалы құрамның әрбір тіркелетін бірлігіне беріледі.

25. Жылжымалы құрамды тіркеген адамдар:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркеуші органның талабы бойынша жылжымалы құрамы туралы мәліметтер ұсынады, оның пайдаланылуына бақылауды жүзеге асыру үшін тіркеуші органның қол жеткізуін қамтамасыз етеді;

2) заңды тұлға таратылған не қайта ұйымдастырылған жағдайда, шешім қабылдағаннан бастап 5 жұмыс күні ішінде тіркеуші органды хабардар етеді.

26. Тіркеуші орган жылжымалы құрамды мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы өтініш келіп түскен күннен бастап 5 жұмыс күнінен кешіктірмей:

1) осы Қағидалардың 16-тармағында көрсетілген құжаттар ұсынылмаған;

2) тіркеуші органға ұсынылған құжаттарда өшірулер, қолжазбаларында не машина жазбаларында түзетулер не көшірмелерді куәландыратын қолы және мөрі болмаған;

3) сот қабылдаған шешімге сәйкес жылжымалы құрамға тыйым салынған жағдайларда, жазбаша түрде уәжделген бас тарту туралы жауап береді.

Белгіленген мерзімде бас тарту туралы дәлелді жауапты ұсынбаған жағдайда, уәкілетті орган үш жұмыс күні ішінде куәлік немесе тізілімнен шығару туралы хабарлама береді.

27. Тіркеуші орган жылжымалы құрамды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы берілген куәлікті:

1) жылжымалы құрамды тіркеген заңды тұлға не дара кәсіпкер таратылған не қызметі тоқтатылған;

2) меншік құқығын растайтын құжаттың не мүлікті жалға алу (жалдау), лизинг не сенімгерлікпен басқару шартының қолданысы тоқтатылған жағдайларда кері қайтарып алады.

28. Жылжымалы құрам тізілімнен:

1) жылжымалы құрам есептен шығарылған, ол қалпына келмейтіндей зақымданған не алты айдан астам жоғалып, оны іздестіру тоқтатылған;

2) жылжымалы құрамды шетелдік тұлғаларға иеліктен шығарып, одан әрі Қазақстан Республикасының шегінен тыс қолдануға алып шығарған жағдайда алып тасталады.

29. Жылжымалы құрамды тізілімнен шығарған кезде меншік иесі не оған теңестірілген адам тіркеуші органға 6-қосымшаға сәйкес белгіленген үлгідегі

өтінішті және есептен шығару туралы актіні не зақымдану, жоғалу, Қазақстан Республикасының заңды және жеке тұлғаларына, сондай-ақ шетелдік тұлғаға иеліктен шығару туралы құжатын ұсынады.

Өзгерістерді, толықтыруларды тіркеу және тіркелген кепілдікті тоқтату Заңның 16, 17, 19-баптарына сәйкес жүргізіледі.

30. Тіркеуші орган жылжымалы құрамды шығару туралы мәліметті тізілімге енгізеді және өтініш берушіге тиісті хабарлама жібереді.

Жылжымалы құрамды және оның кепілін тіркеу қағидаларына
1-қосымша
Нысан

## Жылжымалы құрамның мемлекеттік тізілімі

## Тартқыш және мотор-вагонды жылжымалы құрамның мемлекеттік тізілімі

| КБИ | Куәлік нөмірі | Берілген күні | Меншік иесі | Меншік түрі | Жалға алушы | Жалға алу мерзімі | Қатынау өңірі | Көлік құралы жалпы, квт-де |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| | | | | | | | | |

*кестенің жалғасы*

| Зауыт нөмірі | Түгендеу нөмірі | Жасалған күні | Нормативтік қызмет мерзімі | Нақты қызмет мерзімі | Соңғы жөндеу күні | | Келесі жөндеу кү |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | КЖ-1 | КЖ-2 | |
| 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 | 17 |
| | | | | | | | |

*кестенің жалғасы*

| Техникалық жай-күйі | | Жұмысқа жарамсыз жай-күйде күтіп тұр | Дейін жарамды | Сериясы | Санаты | Тіркелген депосы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| жарамды | есептен шығарылған | | | | | |
| 18 | 19 | 20 | 21 | 22 | 23 | 24 |

## Арнайы жылжымалы құрамның мемлекеттік тізілімі

| КБИ | Куәлік нөмірі | Берілген күні | Меншік иесі | Меншік түрі | Жалға алушы | Жалға алу мерзімі | Қатынау өңірі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| | | | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | |

*кестенің жалғасы*

| Зауыт нөмірі | Түгендеу нөмірі | Жасалған күні | Нормативтік қызмет ету мерзімі | Нақты қызмет мерзімі | Соңғы жөндеу күні | | Келесі жөндеу күні | Техникалық жай-кү | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | КЖ-1 | КЖ-2 | | жарамды | есептен шығарыл |
| 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 | 17 | 18 |

*кестенің жалғасы*

| Жұмысқа жарамсыз жай-күйде күтіп тұр | Дейін жарамды | Түрі | Санаты | Тіркелген депосы |
|---|---|---|---|---|
| 19 | 20 | 21 | 22 | 23 |

# Жүк жылжымалы құрамның мемлекеттік тізілімі

| КБИ | Куәлік нөмірі | Берілген күні | Меншік иесі | Меншік түрі | Жалға алушы | Жалға алу мерзімі | Қатынау өңі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| | | | | | | | |

*кестенің жалғасы*

| Зауыт нөмірі | Түгендеу нөмірі | Жасалған күні | Нормативтік қызмет ету мерзімі | Нақты қызмет мерзімі | Соңғы ДЖ күні | Соңғы жөндеу к | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | КЖ-1 | КЖ- |
| 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 |
| | | | | | | | |

*кестенің жалғасы*

| Келесі жөндеу күні | Техникалық жай-күйі | | Жұмысқа жарамсыз жай-күйде күтіп тұр | Дейін жарамды | Түрі | Санаты | Тіркелген станциясы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | жарамды | есептен шығарылған | | | | | |
| 17 | 18 | 19 | 20 | 21 | 22 | 23 | 24 |

# Жолаушы жылжымалы құрамның мемлекеттік тізілімі

| КБИ | Куәлік нөмірі | Берілген күні | Меншік иесі | Меншік түрі | Жалға алушы | Жалға алу мерзімі | Қатынау |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| | | | | | | | |

*кестенің жалғасы*

| Зауыт нөмірі | Түгендеу нөмірі | Жасалған күні | Нормативтік қызмет мерзімі | Нақты қызмет мерзімі | Соңғы ДЖ күні | Соңғы жөндеу күні | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | КЖ-1 | КЖ-2 | ҚМҰКЖ | ҚК |
| | | | | | | | | | |

| 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 | 17 | 18 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | |

*кестенің жалғасы*

| Келесі жөндеу күні | Техникалық жай-күйі | | Жұмысқа жарамсыз жай-күйде күтіп тұр | Дейін жарамды | Түрі | Санаты | Тіркел депосы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | жарамды | есептен шығарылған | | | | | |
| 19 | 20 | 21 | 22 | 23 | 24 | 25 | 26 |

Жылжымалы құрамды және оның кепілін тіркеу қағидаларына
2-қосымша
Нысан

___________________________________________
(иесінің толық атауы)

## тиесілі тартқыш және мотор-вагонды жылжымалы құрамның тізбесі

| Р/с № | Сериясы | Санаты | Жалға алушы | Жалға алу мерзімі | Қатынау өңірі | Зауыт нөмірі | Түгендеу нөмірі | Жасалған |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| | | | | | | | | |

*кестенің жалғасы*

| Нормативтік қызмет ету мерзімі | Нақты қызмет ету мерзімі | Соңғы жөндеу күні | | Келесі жөндеу күні | Техникалық жай-күйі | | Дейін жарамды | Тіркелген депосы | Көлік құрамы жалпы қуаты КвТ-де |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | (КЖ-1)* | (КЖ-2)** | | жарамды | есептен шығарылған | | | |
| 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 | 17 | 18 | 19 |
| | | | | | | | | | |

Басшы _________________________/____________________________________/
(қолы) (Т.А.Ә.)
М.О.
(заңды тұлға және дара кәсіпкер үшін)

Ескертпе:
*(КЖ-1) – 1-көлемдегі күрделі жөндеу
**(КЖ-2) – 2-көлемдегі күрделі жөндеу

Жылжымалы құрамды және оның кепілін тіркеу қағидаларына
3-қосымша
Нысан

______________________________________
(иесінің толық атауы)

## тиесілі жүк жылжымалы құрамының тізбесі

| Р/с № | Вагон түрі | Санаты | Жалға алушы | Жалға алу мерзімі | Қатынау өңірі | Зауыт нөмірі | Түгендеу нөмірі | Жасалған күні |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| | | | | | | | | |

*кестенің жалғасы*

| Нормативтік қызмет ету мерзімі | Нақты қызмет ету мерзімі | Соңғы жөндеу күні (ДЖ)* | Соңғы жөндеу күні (КЖ) | | Келесі жөндеу күні | Техникалық жай-күйі | | Дейін жарамды | Тіркелген станциясы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | (КЖ) ** | (ҚМҰКЖ) *** | | жарамды | есептен шығарылған | | |
| 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 | 17 | 18 | 19 |
| | | | | | | | | | |

Басшы _______________________/___________________________________/
(қолы) (Т.А.Ә.)
М.О.
(заңды тұлға және дара кәсіпкер үшін)

Ескертпе:
*(ДЖ) – деполық жөндеу
**(КЖ) – күрделі жөндеу
***(ҚМҰКЖ) – қызмет мерзімін ұзарта отырып күрделі жөндеу
**** жүк вагондарының меншік иелері үшін

Жылжымалы құрамды және оның кепілін тіркеу қағидаларына
4-қосымша
Нысан

______________________________________
(иесінің толық атауы)

## тиесілі жолаушы жылжымалы құрамының тізбесі

| Р/с № | Вагон түрі | Санаты | Жалға алушы | Жалға алу мерзімі | Қатынау өңірі | Зауыт нөмірі | Түгендеу нөмірі | Жасалған |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| | | | | | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | |

*кестенің жалғасы*

| Нормативтік қызмет ету мерзімі | Нақты қызмет ету мерзімі | Соңғы жөндеу күні (ДЖ)* | Соңғы жөндеу күні (КЖ) | | | | Келесі жөндеу күні | Техникалық жай-күйі | | Дейін жарамды | Тірке депо |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | (КЖ-1)** | (КЖ-2)*** | (ҚМҰКЖ)**** | (ҚККЖ)***** | | жарамды | есептен шығарылған | | |
| 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 | 17 | 18 | 19 | 20 | 21 |
| | | | | | | | | | | | |

Басшы ________________________/___________________________________/
(қолы) (Т.А.Ә.)
М.О.
(заңды тұлға және дара кәсіпкер үшін)

Ескертпе:
*(ДЖ) – деполық жөндеу
**(КЖ-1) – 1-көлемдегі күрделі жөндеу
***(КЖ-2) – 2-көлемдегі күрделі жөндеу
**** (ҚМҰКЖ) – қызмет ету мерзімін ұзарта отырып күрделі жөндеу
***** (ҚККЖ) – қалпына келтіре отырып, күрделі жөндеу

Жылжымалы құрамды және оның кепілін тіркеу қағидаларына
5-қосымша
Нысан

_______________________________________
(иесінің толық атауы)

## тиесілі арнайы жылжымалы құрамының тізбесі

| Р/с № | Сериясы | Санаты | Жалға алушы | Жалға алу мерзімі | Қатынау өңірі | Зауыт нөмірі | Түгендеу нөмірі | Жасалған күні |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| | | | | | | | | |

*кестенің жалғасы*

| Нормативтік қызмет ету мерзімі | Нақты қызмет ету мерзімі | Соңғы жөндеу күні (КЖ) | | Келесі жөндеу күні | Техникалық жай-күйі | | Дейін жарамды | Тіркелген депосы*** |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | (КЖ-1)** | (КЖ-2)*** | | жарамды | есептен шығарылған | | |
| 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 | 17 | 18 |
| | | | | | | | | |

Басшы ________________________/___________________________________/
(қолы) (Т.А.Ә.)
М.О.
(заңды тұлға және дара кәсіпкер үшін)
Ескертпе:
*(КЖ-1) – 1-көлемдегі жөндеу
**(КЖ-2) – 2-күрделі жөндеу

Жылжымалы құрамды және оның кепілін тіркеу қағидаларына
6-қосымша

___________ облысы (қаласы) бойынша уәкілетті органның басшысы
_____________________________________
(Т.А.Ә.)

## Өтініш

_____________________________________________________ құқығында тиесілі (меншік, мүліктік жалдау, жалға алу немесе лизинг) саны _____________ бірлік жылжымалы құрамды тіркеуді (қайта тіркеуді), мемлекеттік тізілімнен шығаруды сұраймын (керек емесін сызып тастау)
Мекенжайы:
_________________________ қаласы ______________________________ көшесі.
ЖСН/БЖН: ______________________________________________________________
байланыс телефондары (факс) ___________________________________________
Тізбе ___________________________________ парақта қоса беріледі.
Өтініш беруші _________________/__________________________________
(басшының қолы) (Т.А.Ә.)
М.О.
(заңды тұлға және дара кәсіпкер үшін)

Жылжымалы құрамды және оның кепілін тіркеу қағидаларына
7-қосымша
Нысан

## Жылжымалы мүлік кепілінің тізілімі

| | | | Кепіл ұстаушы | Кепіл беруші | Кепілдің сомасы | | | Ауыртпалықтың туындауы | | Ауырт жойыл |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | | |

| Жазбаның № | Тізілімнің № | Кепілдің мәні | Жеке тұлғаның Т.А.Ә. тұрғылықты жері, туған күні; заңды тұлғаның орналасқан орны, атауы , тіркеу № | Жеке тұлғаның Т.А.Ә. тұрғылықты жері, туған күні; заңды тұлғаның орналасқан орны, атауы , тіркеу № | теңге | доллар | Шарттың қолданысы | Құжаттың атауы және №, жасалған күні мен орны | Күні және уақыты ( сағат және минут), тіркеу №, тіркеушінің Т.А.Ә. және қолы | Құжатт атауы және № жасалғ күні м орны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 |
| | | | | | | | | | | |

Жылжымалы құрамды және оның кепілін тіркеу қағидаларына 8-қосымша

________________________________________

(тіркеуші органның атауы)

Жылжымалы құрамын мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), мемлекеттік тізілімнен шығару туралы (керегінің астын сызу)

20__ жылғы «___» ____________________________

уақыты: ___________ сағат _____________ мин.

№ ____ өтініш бойынша құжаттарды алу қолхаты

Қабылданған құжаттардың тізбесі: (құжаттың атауы, сериясы, нөмірі, қашан және кім берді) 1 .

____________________________________________________________________________

____________________________________________________________________________

____________________________________________________________________________

Қабылдаған: ____________________________________________________

Өтінішті қабылдаған тұлғаның Т.А.Ә және қолы

Өтінішті орындау күні 20__ жылғы «___» __________________________

____________________________________________________________________________

(тіркеуші органның атауы)

Жылжымалы құрамның мемлекеттік кепілін тіркеу туралы 20__ жылғы «___» ________________________________

уақыты: ____________ сағат ____________ мин.

№ ____ өтініш бойынша құжаттарды алу қолхаты

Қабылданған құжаттардың тізбесі: (құжаттың атауы, сериясы, нөмірі, қашан және кім берді) 1 .

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

Қабылдаған: ____________________________________________________

Өтінішті қабылдаған тұлғаның Т.А.Ә және қолы

Өтінішті орындау күні 20__ жылғы «___» ________________________

Жылжымалы құрамды және оның кепілін тіркеу қағидаларына 9-қосымша

________________________________________________

(тіркеуші органның атауы)

**20__ жылғы «___» ____________ № _____**
**Жылжымалы құрамның кепілін мемлекеттік тіркеу туралы**
**КУӘЛІК**

______________________________________________________________________

кепіл ұстаушының немесе кепіл ұстаушының уәкілетті

______________________________________________________________________

өкілінің деректемелері)

_______________________________________________________________ берілді.

Жылжымалы мүлікке қатысты кепіл тіркелгенін растау:

| Мүліктің түрі | Тізілімдік нөмірі | Кепіл затының сипаттамасы | Құрам саны | Құны | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |

Кепіл ұстаушының құқықтары: __________________________________________

______________________________________________________________________

(Т.А.Ә., тұрғылықты жері, туған күні мен жылы)

Мекенжайы:

______________________________________________________________________

(жеке тұлғаның, заңды тұлғаның орналасқан жері, атауы және заңды

______________________________________________________________________

тұлғаның тіркеу нөмірі)

______________________________________________________________________

Кепіл заты ___________________________________________________________

(кепіл затының сипаттамасы)

_______________________________________ кепіл туралы шарттың негізінде

(шартты жасасу күні) пайда болды

_________________________________ тіркелген және мынадай негізгі
(тіркелу күні мен нөмірі)
шарттарды қамтиды
____________________________________________________________
(негізгі міндеттеменің орындалу мөлшері, мерзімі және кепілдің өзге
____________________________________________________________
де шарттары)
Кепіл берушінің құқықтары _____________________________________
(құқық түрі)
____________________________________________________________
(жеке тұлғаның Т.А.Ә., тұрғылықты орны, туған күні және жылы;
____________________________________________________________
заңды тұлғаның атауы, орналасқан жері және тіркеу нөмірі)
____________________________________________________________
(кепіл затына құқық белгілеуші құжаттың атауы,
____________________________________________________________
қабылдау күні, тіркеу күні мен №)
____________________________________________________ расталды
Басшы ______________________________ М.О. ___________________
(Т.А.Ә.) (қолы)
____________________________________________________________
____________________________________________________________
Ескертпе:
1. Осы куәлік кепілді өтеу кезінде тіркеуші органға қайтарылуы тиіс.
2. Куәлік жоғалған (бүлінген) жағдайда, құқық иеленуші куәлікті жоғалту (бүлдіру) себептерін көрсете отырып, тіркеуші органға өтініш беруі тиіс.

Жылжымалы құрамды және оның кепілін тіркеу қағидаларына
10-қосымша

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі
КӨЛІКТІК БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ

**Жылжымалы құрамды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы**
**(керегінің астын сызу)**
**КУӘЛІК**

КБИ_ _ _ _ _Сериясы_ _ _ _ _ _№_ _ _ _ _ _

Осы куәлік «Темір жол көлігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ____________________________________ құқығындағы

(жылжымалы құрамына құқығы көрсетілсін)
____________________________________________________________ берілді
(иесінің толық атауы, Т.А.Ә.)
және ____________________________________________________ үлгісіндегі
санаты ______________________________________________________
сериясы, вагон түрі _________________________________________________
зауыт нөмірі ________________________________________________________
түгендеу нөмірі _____________________________________________________
секциясы ____________________________________________________________
жасалған жылы _______________________________________________________
20__ жылғы «___» ______________ бастап жылжымалы құрамның мемлекеттік тіркелгенін (қайта тіркелгенін) растайды.
(керегінің астын сызыңыз)

Осы куәлік Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық жағдайларда қолданылады және жылжымалы құрамның иесін куәландыратын құжатпен бірге көрсетіледі, ондағы келтірілген мәліметтер өзгерген жағдайда ауыстыруға жатады.

_____________________________________________________________________

Берілген күні 20__ жылғы «___» ________________

М. О.

Уәкілетті органның лауазымды адамы ____________________________________

қолы, Т.Ә.А.

Жылжымалы құрамды және оның кепілін тіркеу қағидаларына
11-қосымша

________________________________________
(тіркеуші органның атауы)

**Өтініш № _____**

Кепіл беруші
Жеке тұлғаның Т.А.Ә., тұрғылықты жері, туған күні; заңды тұлғаның орналасқан орны, атауы, тіркеу №: _____________________
_____________________________________________________________________
Жеке басын куәландыратын құжат: түрі _______ серия _________ № ______
___________________________________ берген, берілген күні _____________
(құжатты берген органның атауы)
Пошталық мекенжайы, телефон _____________________________________________
____________________________________________________________ атынан

(уәкілетті өкілдің деректемелері)
____________________________________________ негізінде әрекет етеді.
(өкілеттігін куәландыратын құжаттың деректемелері)
Кепіл ұстаушы
Жеке тұлғаның Т.А.Ә., тұрғылықты жері, туған күні; заңды тұлғаның орналасқан орны, атауы, тіркеу №: ____________________

__________________________________________________________________
Жеке басын куәландыратын құжат: түрі _______ серия _________ № ______
________________________________ берген, берілген күні ____________
(құжатты берген органның атауы)
Пошталық мекенжайы, телефон ________________________________________

__________________________________________________________________
____________________________________________________________ атынан
(уәкілетті өкілдің деректемелері)
____________________________________________ негізінде әрекет етеді.
(өкілеттігін куәландыратын құжаттың деректемелері)
Жылжымалы мүлік кепіл шартын тіркеуді өтінемін: _____________________

__________________________________________________________________
Шарттың жасалған күні _____________________________________________
Шарттың жасалған орны ____________________________________________
Кепіл мәні туралы мәліметтер (жылжымалы мүліктің сипаттамасы) _______

__________________________________________________________________
Кепілге салынған мүліктің құны _____________________________________
Шарттың қолданылу мерзімі _________________________________________
Кепілге салынған мүлік _____________________________ кепіл берушінің
_________________________________________________ кепіл ұстаушының
иелігінде және пайдалануында қалады
Пайдалануға болатыны: иә, жоқ
Қайталама кепіл туралы мәліметтер: иә, жоқ (керек емесін сызып тастау)
Өтінішке мыналарды қоса беремін: (құжаттың атауы, серия, нөмір, қашан және кім берген)
1. ________________________________________________________________

__________________________________________________________________

__________________________________________________________________
Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік қажет пе: иә, жоқ (керек емесін сызып тастау)
-----------------------------------------------------------------

Өтініш берілген күн: 20__ ж. ________________________________________
Өтініш қабылданған күн: 20__ ж. ____________________________________
Өтініш берушінің қолы: ______________________________________________
Уақыт: ___________________________ сағат _______________________ мин.
Тіркеушінің Т.А.Ә. және қолы ________________________________________

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК